



# ПРИОЗЕРСКИЙ

18+

№ 15/659

10 апреля 2020 года

газета издается с 26.06.2004 года

## Вестник

### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҮҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ – ЕЛБАСЫ НҮРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВТЫҢ «БІРЛЕСЕ БІЛГЕН ЕЛ БӘРІН ЖЕҢЕДІ» АТТЫ МАҚАЛАСЫ



Тәуелсіздік жылдары ел өмірінің ең қиын да күрделі кезеңдерінде мен кез келген мәселені қадірменді отандастарыммен бірге бүкпесіз, ашық талқыға салып, туған халқыммен үнемі ой бөлісіп келемін. Бүгінгідей бүкіл әлем алаң күйіне кешіп, ұлт саулығымызға түскен қауіпті сәтте де баршаны сабырға, байсалдылыққа шақырып, тағы да жұртыма ақ тілеулі сөзімді арнағалы отырмын.

Тұтқиылдан келген жаман індет – коронавирус дерті барша адамзатқа қауіп-қатер төндіруде. Қазірдің өзінде дүние жүзі бойынша 1,4 миллионнан астам жан осы сырқатқа шалдығып, ондаған мың адамның өмірі қиылды. Сондықтан әлем мемлекеттері қатерлі дертке бірлесіп дауа іздеп, бүгінгі заманның бар күш-қуатын, ақыл-ойы мен ғылым-білімінің жетістігін ортақ мақсат жолына бірлесіп жұмылдырып, ынтымақтаса әрекет етуде.

Қазақстан қауіпті дерттің алдын алуға әлем елдерінің ең алғашқыларының бірі болып кірісті. Тиісті сақтандыру шаралары жасалды. Мемлекеттік органдар арнаулы дайындықтан өткізілді. Өзге елдерде вирус қалай пайда болып, пандемия қалай өрбіп, өршігені бақыланды. Соның нәтижесінде індеттің етек алып кетуіне мүмкіндігінше жол берілмей, ахуал күн сайын тұрақты назарда ұсталып отыр. Жағдайды оңалту үшін көп жұмыс істелді, әлі де талай шаруа атқарылатын болады. Игі мақсаттағы іс-шаралардың бәріне жер-жерлерде бүкіл халық болып қолдау көрсеткеніміз жөн.

Тәуелсіздіктің ең алғашқы күндерінен бастап мен ұлы Абай атамның «Кімге достығың болса, достық достық шақырады» деген дана қағидасын басшылыққа алып, әлемнің барлық мемлекетімен арадағы келісім мен достыққа, өзара сенім мен ықпалдастыққа негізделген саясат ұстандым. Егемендіктің бастапқы жылдарында іргелес елдердің бәрімен тату қарым-қатынас орнатып, шекара мәселесін түбегейлі шешкеннен кейін түрлі деңгейдегі ынтымақтастық ұйымдарын құруға бастамашы болғанымның басты себебі де сол еді.

Еуразия экономикалық одағын, Шанхай ынтымақтастық ұйымын, Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңесті құрып, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының тарихи саммитін, Астана экономикалық форумы мен бүкіләлемдік ЕХРО көрмесін өткізу шараларының бәрі – Қазақстан мен дүние жүзі мемлекеттері арасындағы өзара достық пен сенімге негізделген байланысты, экономикалық ынтымақтастықты нығайту үшін жасалды. Өмірдің өзі, дәл бүгінгі қалыптасқан жағдай біз ұстанған бірігу мен бірлесуге негізделген саясаттың бірден-бір дұрыс жол екендігіне көзімізді жеткізіп отыр.

Жаһан жұртшылығын әбігерге салған

пандемия жаңа бүкіл әлемде экономикалық дағдарыс туғызды. Алып кәсіпорындардың жұмысы тоқтады, көлік ағауының қозғалысы шектелді. Мұнайдың бағасы құлдырады. Ел мен ел арасындағы шекаралар жабылып, алыс-беріс тиылды. Мұның бәрі бұрын-соңды болмаған аса ауқымды рецессияға әкеліп соқтырып, жұмыссыздықты көбейтіп отыр.

Біздің Отанымыз Қазақстан – қазба байлықтарға, оның ішінде мұнайға бай ел. Мен «Бізге мұнай мен газ бар екен деп, үнемі соған тәуелді болған дұрыс емес» деп талай мәрте айтқанмын. Сондықтан егемендік жылдары біз ел экономикасын әртараптандырумен болдық. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін «Қазақстан – 2050» стратегиясын жасап, «Үдемелі индустриялық-инновациялық даму» бағдарламасы аясында 1000-нан астам жаңа кәсіпорын аштық. Соның арқасында әлемдік бәсекеге қабілетті өнімдер шығарылып, елімізге жаңа технологиялар келді. Бұл еліміздің үшінші технологиялық жаңғыруына жол ашты.

Ел аумағында бұрын-соңды болмаған теміржол, автокөлік жолдары салынды.

Жүйелі жүргізілген реформалар нәтижесінде ауыл шаруашылығы да айтарлықтай дамып, Қазақстан өзін ет, сүт және тағы басқа да азық-түлік өнімдерімен емін-еркін қамтамасыз етіп қана қоймай, әлемдегі астық экспорттаушы алғашқы алты мемлекеттің қатарына қосылды.

Болашақ үшін, алда күтіп тұрған осындай алмағайып замандар сынағын еркін еңсеру үшін көп қаржы-қаражат салып, зор жауапкершілікпен атқарылған бұл реформалардың дұрыс болғанын өмірдің өзі дәлелдеді.

Біздің Ата заңымыздың бірінші бабында: «Қазақстан Республикасының ең қымбат қазынасы – адам және оның өмірі», – деп нақты жазылған. Сондықтан елімізде денсаулық сақтау саласын дамытуға айрықша көңіл бөлінді. «Саламатты Қазақстан» бағдарламасын қабылдап, барлық өңірде бұрын болмаған жүздеген заманауи ауруханалар мен емханалар салдық. Елордада әлемдік деңгейдегі ең озық техникалармен жаратқалған аса ірі ғылыми-медициналық орталықтар ашып, оның мамандарын әлемнің ең дамыған елдерінде тәжірибеден өткіздік және «Болашақ» бағдарламасы аясында оқыттық. Осылай алдын ала қамданудың нәтижесінде ұлт денсаулығына қатер төндірген бүгінгідей қиыншылық заманда жұқпалы дерттің дәл диагностикасын жасау, оның алдын алу, науқасты емдеу сияқты тиісті шараларды біздің дәрігерлеріміз жоғары кәсіби деңгейде атқаруда.

Әрине, қалыптасып отырған жағдай оңай емес. Бұл – бүкіл әлем мемлекеттеріне түскен зор ауыртпашылық. Біз оны осындай сын сағатта септігін тигізетін халқымыздың төзімділігі, ерік-жігері және өзіне деген зор сенімі арқасында міндетті түрде жеңіп шығамыз. Ол үшін бізге қажетті нәрсе – қаржы-қаражат, материалдық ресурс, техника, азық-түлік – бәрі бар. Алаңдайтын, абыржытын еш негіз жоқ.

Әдетте жұрт көңілі алаң осындай кезді ел ішіне үрей таратып, байбалам салушылар өз мүддесіне пайдалануға тырысады. Мен халықты әртүрлі сондай азғырынды, арзан әңгімелерге еруден сақ болуға

шақырамын. Шынымен көптің қамын көздейтін адам айғайшыл күшімен емес, игілікті ісімен қызмет еткені дұрыс. Файбат пен байбалам орнына ғылым-біліммен шұғылданған абзал.

Бүгінгі күрес даңқты қолбасшы Бауыржан Момышұлының: «Тәртпсіз – ел болмайды, тәртпке бас иген ел құл болмайды» деген қанатты сөзін еске салады және соны бекем ұстануды талап етеді. Өздеріңіз білесіздер, бұл пандемияны көршіміз Қытай елі ұйымшылдығы мен темірдей берік тәртбінің арқасында ауыздықтай алды.

Қазіргі Қазақстанды Кеңес Одағы ыдыраған өткен ғасырдың 90-жылдарындағы Қазақстанмен салыстыруға болмайды. Бізде осындай қиындық туғанда ешкімге алақан жаймау үшін, ұрпақ қамы, ел болашағы үшін жинақталған Ұлттық қор мен алтын-валюта қорында 90 миллиард АҚШ доллары бар. Ретімен, үнемді пайдаланар болсақ, ол бүгін басымызға түскен тағдыр мен тарих сынынан еңсемізді тік ұстап өтуімізге мол мүмкіндік береді.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев халыққа арнаған таяудағы үндеуінде барлық әлеуметтік топтарға, кәсіпкерлерге, ауыл шаруашылығы саласына көрсетілетін алуан түрлі көмек туралы жан-жақты мағлұмат берді. Егер Қазақстанның ұлттық экономикадағы қол жеткізген табыстары мен жоғарыда аталған қор құрылмасы, мұның бірі де болмас еді. Кезінде соның бәрін таратып берейік дегендер де болған, бірақ өмір біз қабылдаған шешімнің дұрыс болғанын көрсетті.

Енді Үкімет пен жергілікті атқару органдары соны үнемді түрде, рет-ретімен орындауға кірісуі керек. Әр министр, әрбір облыс, қала және аудан басшылары жүйемен, тәртппен, үйлесіммен, нақты жоспармен, нық сеніммен әрекет етіп, уақытша қиындықтан шығуға барлық күш-қуатты жұмылдыруы қажет. «Nur Otan» партиясының мүшелері де осы бір сауапты істің алдыңғы қатарынан табылуға тиіс.

Еліміздің ең үлкен байлығы – адам мен оның өмірі болғандықтан, әрбір адам өзінің, отбасының, ата-анасы мен бала-шағасының өміріне, денсаулығына зор жауапкершілікпен қарауы керек. Өйткені, ұлт денсаулығы – мемлекет қауіпсіздігінің құрамдас бөлігі.

Дәл осы тұста бәрімізге халқымыздың әрдайым үлкенге – құрмет көрсетіп, кішіге – қамқор болатын абзал қасиеттері септігін тигізеді деп сенемін.

Адамның өзіне деген сенімі – үлкен күш. Бұл бойымызға – қажыр, денемізге – қуат, жүрегімізге сенім ұялатады. Біз қазір көмекке аса мұқтаж қарияларды, ардагерлерімізді, көпбалалы аналарды, әл-ауқаты төмендерді, жұмысқа жарамсыз жандарды ерекше қамқорлыққа алуымыз керек. Халқымыздың бойындағы ұрпақтан ұрпаққа үзілмей жеткен ең ізгі қасиеттер бізді осыған үндейді.

Дәл қазір бүкіл адамзат жолайрықта тұр. Әлемдік геосаясатты, экономиканы, экологияны, қоғам өмірінің сан алуан саласын қамтып, тізбектеле келген, бұрын-соңды болмаған проблемалар әлем мемлекеттерінің қарым-қатынасын да өзгерте бастады. Үнді халқының ұлы гуманист қайраткері Махатма Ганди: «Әлемді өзгерту үшін әуелі өзіміз өзгеруіміз

керек», – деген екен. Кеше ғана бір-бірін аяқтан шалып, жағадан алып, «санкциялық соғыстарға» жол ашқан мемлекеттер енді өзара көмек қолын созысуда. Бұл – жаһандық деңгейдегі үлкен өзгерістердің бастауы.

Әлем тарихында ондаған жылдарға, тіпті жүз жылдан да астам уақытқа созылған талай соғыстар, шиеленісті жағдайлар мен кикілжіңдер орын алған. Миллиондаған адамдарды баудай түсірген індеттер де аз болмаған. Адамзат соның бәрін жеңген. Жан алқымнан алып тұрған бұл шырғалаңнан да шығамыз. Әлемнің ең алпауыт мемлекеттері осы қиындықтан сабақ алуы керек.

Кезінде Әйтеке би бабамыз: «Ел мұраты – көрешек, ер мұраты – келешек. Осыларды ойлаған – қоймас түбі сүйінбей», – деген екен. Қандай керемет айтылған сөз! Дәл қазір бізге бүкіл адамзат өркениетін сүріндіретін емес, барша әлем халқын сүйіндіретін жаңашыл саясат керек.

Кез келген қиындық адамды тығырықтан шығуға, өзгеше ойлауға, қалыптасқан жұмыс тәсілдерін жетілдіруге бастайды. Ал бұл ғылым мен технологияны дамытуға, сергек өмір салтын қалыптастыруға алып келеді. Бүгінде еңбекті ұйымдастырудың креативті әдістері, тіпті жаңа кәсіп түрлері шыға бастады. Қазір адамдар біртіндеп қағазбастылықтан арылып, қашықтан жұмыс істеу режиміне көшті. Осының бәрі бір кезде алдын ала жоспарланып, кеңінен ойластырылған шаралардың арқасында ғана мүмкін болып отыр.

Рухы мықты, өзіне сенімді адамды қиындықтар шынықтырады. Сондықтан біз бойкүйездіктен, сарыуайымнан, енжарлықтан арылып, тығырықтан шығудың жолын іздеген бүкіл әлем халқымен бірге ширыға, шыңдала түсуіміз керек.

«Бірлік жоқ жерде – тірлік жоқ», – деген екен әйгілі данышпан Төле би. Береке-бірліктің алмайтын қамалы, бағындырмайтын биігі болмайды. Біз үшін ата-бабаларымыз ғасырлар бойы аңсап күткен, 30 жылға жуық уақыт бұрын қолымыз жеткен азаттықты мәңгі баянды етуден асқан мұрат жоқ. Қазақстан – халқымыз тату-тәтті және келісімде өмір сүріп жатқан ортақ шаңырағымыз. Алуандығымыз – бәсекелі және жаһандық әлемдегі біздің баға жетпес байлығымыз бен артықшылығымыз. Тәуелсіздік жылдары қол жеткізген барлық табысымыздың қайнары – ең алдымен халқымыздың береке-бірлігі. Алла Тағала бізді осы бірлігімізден де, тірлігімізден де айырмасын.

Мен сөзімді алдымен аға ұрпақ пен зиялы қауым өкілдеріне арнаймын: халықты ынтымаққа шақырып, жақсылыққа, ізгі амалдар жасауға, саламатты өмір салтын ұстануға үндеңіздер. «Ырыс алды – ынтымақ» екенін ұмытпаңыздар. Жастарды еңбекке, білім алуға, қатарының алды болуға тәрбиелендіздер. Ұрпақ алдындағы жауапкершілік бізді осыған міндеттейді.

Жаңа өскін – жас ұрпаққа айтарым: тәуелсіздік жылдары дүниеге келген сендер келер жылы орда бұзар отызға толасыздар. Еліміздегі ең қуатты күш – өздеріңіздер. Аға ұрпақ сендер үшін қолдан келгенін бәрін жасады, енді сендердің де күш-қайрат жұмсайтын кездерің келді. Жамандықтан, жат әдеттен сақтанып, игі



# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ – ЕЛБАСЫ НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВТЫҢ «БІРЛЕСЕ БІЛГЕН ЕЛ БӘРІН ЖЕНЕДІ» АТТЫ МАҚАЛАСЫ

(Соңы. Басы 1 бет.)

істер жасауға ұмтылындар. Үлкенге – ізетті, кішіге – қамқор, бір-біріне дос болындар. «Бірінді қазақ бірін дос, көрмесен – істің бәрі бос» деген Абай аталарыңның өсиетін ешқашан естен шығармаңдар.

**Кәсіпкерлерге де арнайы айтарым бар: сіздер тәуелсіздіктің арқасында өз істеріңізді қалыптастырып, аяқтарыңызға нық тұрдығыңдар, мол дәулетке кенелдіңіздер. Енді «Мен әлемге не беремін?» дейтін кездеріңіз де келді.**

Осы орайда, менің өтінішім бойынша өз отандастарына қол ұшын беріп, қаржы-

лай, заттай көмектесіп жатқан кәсіпкер азаматтар баршылық. Осы бір жарасымды үрдіс, игі іс одан әрі жалғасын табады деп сенемін.

Ұрпақ пен дәстүр сабақтастығы болған жерде ғана игілік пен ізгілік қатар өркен жаяды. Осы қасиетті қағида әрбір қазақстандықтың жадынан, жүрегінен орын алуы керек.

Маған небір қиын-қыстау күндерде ешқашан **намысын бермеген**, қашанда **бірлігі бекем, пейілі кең, құшағы ашық, бауырмал** халыққа басшылық ету бақыты бұйырды. Сондықтан қазіргідей алабұртпа

көңіл жағдайында **дана да дархан халқыма – баршаңызға зор** ризашылыққа толы осы сөздерімді жолдадым.

Біз тәуелсіздік жылдары **сан алуан қиындық пен дағдарысты** бастан өткердік. Соның бәрінде мен анық жағдайды, түйткілді проблемаларды **ашық түрде** алдарыңызға жайып салып отырдым. Сіздер маған үнемі **сенім арттығыңдар**, мен туған халқымның **сол сенімінен ұдайы күш-қуат** алдым. **Сол үшін Сіздерге тағы мың да бір алғысымды білдіремін.**

Ұлт денсаулығы мен мемлекет қауіпсіздігі – бір-бірімен етене, егіз ұғымдар.

Мемлекет бұл қиындықтан шығу үшін қолдан келгеннің бәрін жасайды және тиісті шараның барлығын атқарады. Бірде-бір адам, еліміздің ешбір азаматы қамқорлықсыз қалмайды.

Біз – біртұтас ел, бірлігі берік жұртпыз. Мен әрқашан халқыммен бірге болғанмын, бұл жолы да сіздермен біргемін.

**Біз біргеміз.** Қиындыққа қайыспай, белімізді бекем буып, береке-бірлігімізден айрылмайық. Сонда ғана біз қастерлі тәуелсіздігімізді сақтап, Қазақстанды «Мәңгілік ел» болуға лайықты ете аламыз.

<https://elbasy.kz/>

## ЕЛБАСЫ Н. НАЗАРБАЕВТЫҢ МАҚАЛАСЫНА ШІКІРЛЕР

Өзінің «Бірлесе білген ел бәрін жеңеді» мақаласында ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Назарбаев: "Қазақстан қауіпті дерттің алдын алуға әлем елдерінің ішінде ең алғашқыларының бірі болып кірісті", - деп мәлім етті. Бүгінгідей бүкіл әлем бойынша алаңдаулы күй кешіп, ұлт саулығы сынға түскен сәтте ол барша халықты сабырға, байсалдылыққа шақырып, ақ тілеулі сөзін арнады. Сондықтан бүкіл әлем мемлекеттері қатерлі дертке бірлесе дауа іздеп, бүгінгі заманның бар күш-қуатын, ақыл-ойы мен ғылым-білімінің жетістігін ортақ мақсат жолына бірлесе жұмылдырып, ынтымақтаса әрекет етіп жатқанын, соның нәтижесінде індеттің етек алып кетуіне жол берілмей, ахуал назарда ұсталып отырғанын айтып өтті. Өзінің мақаласында ол іс-шаралардың бәріне жер-жерлерде бүкіл халық болып қолдау көрсеткеніміз жөн екендігіне баса назар аударды.

**О. Айтпенбетов,  
Приозерск қаласының қоғамдық  
келісім кеңесінің төрағасы**

\*\*\*

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Бірлесе білген ел бәрін жеңеді» атты мақаласын оқығаннан кейінгі ойларыммен бөліскім келеді. Тәуелсіз еліміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев бұл мақаласында өзіне ғана тән парасаттылықпен, әлемде қалыптасып қиын жағдай кезінде, «жұртына ақ тілеулі сөзін» ерекше бір ықыласпен арнайды. Егер сіз патриотпын, отаншылмын деген адам болсаңыз Елбасының бұл мақаласын тебіренбей оқымауыңыз мүмкін емес. Қазақ халқының біртуар ұлдары ұлы Абайдың, батыр атамыз Бауыржан Момышұлының, Әйтеке би бабамыздың, данышпан Төле бидің баға жетпес өсиеттерін өзінің осы мақаласы

арқылы тағы бір еске түсіртіп, біздің қандай бабалардың ұрпағы екенімізді ұмытпауға шақырғандай болады.

Достар Н. Назарбаевтың осы мақаласын міндетті түрде оқып шығыңыздар. Бұл мақалада Елбасының аға ұрпақ пен зиялы қауым өкілдеріне, жаңа өскін – жас ұрпаққа, кәсіпкерлерге, әрқайсыларына жеке арнаған сөздері бар. Өз басым Елбасының мына айтқандарын тебірене оқыдым: «Жаңа өскін – жас ұрпаққа айтарым: тәуелсіздік жылдары дүниеге келген сендер келер жылы орда бұзар отызға толасыңдар. Еліміздегі ең қуатты күш – өздеріңсіңдер. Аға ұрпақ сендер үшін қолдан келгеннің бәрін жасады, енді сендердің де күш-қайрат жұмсайтын кездерің келді. Жамандықтан, жат әдеттен сақтанып, игі істер жасауға ұмтылыңдар. Үлкенге – ізетті, кішіге – қамқор, бір-біріңе дос болыңдар».

Елбасы жастарға айтқан өсиетін «Бірінді қазақ бірін дос, көрмесен – істің бәрі бос» деген Абай аталарыңның өсиетін ешқашан естен шығармаңдар» деген ұлы Абайдың керемет дана сөздерімен аяқтайды.

**Ж. Дулатова,**

**Приозерск қаласының ішкі саясат,  
мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі  
басшысының орынбасары**

\*\*\*

2020 жылғы 8 сәуірде Елбасы Н.Назарбаевтың «Бірлесе білген ел бәрін жеңеді» атты мақаласы жарияланды. Бұл мақалада елбасы ұлт саулығы сынға түскен қазіргі уақытта барша Қазақстандықтарды сабырға, байсалдылыққа шақырған.

Жаһан жұртшылығын әбiгерге салған пандемия жаңа бүкіл әлемде экономикалық дағдарыс туғызып, алып кәсіпорындардың жұмысы тоқтап, көлік атаулының қозғалысы

шектелгендігі, ел мен ел арасындағы шекаралардың жабылып, алыс-беріс тиылғандығын, мұның бәрі бұрын-соңды болмаған аса ауқымды рецессияға әкеліп соқтырып, жұмыссыздықты көбейтіп отырғанын ерекше атап өтті.

Сонымен қатар, елбасымыз «Ұлт денсаулығы мен мемлекет қауіпсіздігі – бір-бірімен етене, егіз ұғымдар. Мемлекет бұл қиындықтан шығу үшін қолдан келгеннің бәрін жасайды және тиісті шараның барлығын атқарады. Бірде-бір адам, еліміздің ешбір азаматы қамқорлықсыз қалмайды. Біз біргеміз. Біз – біртұтас ел, бірлігі берік жұртпыз. Қиындыққа қайыспай, белімізді бекем буып, береке-бірлігімізден айрылмайық. Сонда ғана біз қастерлі тәуелсіздігімізді сақтап, Қазақстанды «Мәңгілік ел» болуға лайықты ете аламыз» деп ерекше тоқталып өтті.

Бүгінгі белең алған жағдай даңқты қолбасшы Бауыржан Момышұлының: «Тәртіпсіз – ел болмайды, тәртіпке бас иген ел құл болмайды» деген қанатты сөзін еске салып, соны бекем ұстануды талап етеді.

**А. Тульчикова,**

**Приозерск қаласының ішкі саясат,  
мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің  
бас маманы**

\*\*\*

Қазіргі таңда бүкіл әлемде ушығып жатқан коронавирус жұқпалы індеті жайлы елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың «Бірлесе білген ел бәрін жеңеді» атты мақаласы жарияланды. Бүкіл әлем мазасыз күй кешіп, ұлт саулығы сынға түскен сәтте өз халқын сабырға шақырып Қазақстан халқына үндеу жариялады.

Сөз барысында ұлы Абай атамыздың «Кімге достығың болса, достық достық шақырады» деген мақалын тілге тиек етіп,

Қазақстан мен дүние жүзі мемлекеттері арасындағы өзара достық пен сенім, экономикалық ынтымақтастықтың берік екендігін дәлелдеп өтті.

Әлемді әбiгерге салған пандемия экономикалық дағдарыс туғызды. Яғни, кәсіпорындардың жұмысы тоқтады, көлік атаулының қозғалысы шектелді, мұнай бағасы құлдырады, жұмыссыздық көбейді. Десе де, бұл қиындықтардың бәрі уақытша, біздің отанымыз Қазақстан – қазба байлықтарға бай ел, оның ішінде мұнайға, сондай-ақ, елде жүйелі жүргізілген реформалардың нәтижесінде ауыл шаруашылығы айтарлықтай дамып, өз өнімдеріміз әлемдік астық экспорттаушы алғашқы алты мемлекеттің қатарына қосылды» - деді елбасымыз өз мақаласында.

Өз сөзінде Бауыржан Момышұлының: «Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бас иген ел құл болмайды» деген қанатты сөздерін тілге тиек етіп, қиын сәттерде халықты осындай жалған ақпараттан аулақ болуға үндеді.

Сөз соңында мемлекет бұл қиындықтан шығу үшін қолдан келгеннің бәрін жасайды және тиісті шараның барлығын атқарады. Біз – біртұтас ел, бірлігі берік жұртпыз! Мен әрқашан халқыммен біргемін. Біз біргеміз. Қиындыққа қайыспай белді бекем буып, береке бірлігімізден айрылмайық. Тәуелсіздігімізді сақтап, Қазақстанды мәңгілік ел болуға бірге күш салысайық! - деп аяқтады. Әрине, елбасымыздың халқына жолдаған мақаласы, елімізді рухани қолдап, бұл ауыр кезеңдерді ел болып бірлесіп, басымыздан тез арада өткізіп жіберуге зор септігін тигізері сөзсіз екендігінің дәлелі деп білеміз.

**Г. Жұмбаева,**

**Приозерск қаласының ішкі саясат,  
мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің  
әдіскері**

### ҚҰРМЕТТІ ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ !

Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 15 наурыздағы № 285 Жарлығымен қабылданған төтенше жағдайға байланысты адамдардың сот отырыстарына қатысуын азайту үшін бірқатар шаралар қабылданды:

1. Процестік мерзімдері бар сот істерін қарау кейінге қалдырылды;

2. Жоғарғы сотта, облыстық, аудандық және оған теңестірілген соттарда азаматтарды жеке қабылдау төтенше жағдай аяқталғанға дейін тоқтатылды.

Қағаздық құжат айналымын азайту мақсатында халыққа келесіні ұсынамыз:

- талап қою арыздарын, жүгінулерін сот кабинеті арқылы жолдау;

- барлық сот процестері Online арқылы, дистанциялық жолымен IT-технологияларды қолданумен өткізу (БКБ, соның ішінде «TrueConf», «Zoom», «Skype», «WhatsApp» және т.б. мобильды қосымшалар арқылы).

Бұл шаралар төтенше жағдайдың енгізілуіне байланысты және азаматтардың өмірі мен денсаулығына төнетін қауіпті азайтуға бағытталған.

Қазіргі таңда, осындай тәсілдер барлық дамыған елдерде қолданылып жатқандығына назар аударамын.

Үйде отырыңыздар, соттасатын уақыт емес, татуласу уақыты.

Бұл жағдайға түсіністікпен қарауды өтінеміз.

**Барлық сұрақтар бойынша жауапты +7(71039)5-40-62 телефон нөмірі арқылы ақпарат аласыздар.**

Приозерск қалалық сотының  
баспасөз қызметі

### УВАЖАЕМЫЕ ЖИТЕЛИ ГОРОДА ПРИОЗЕРСК !

В связи с чрезвычайным положением в стране, введенным в действие Указом Президента Республики Казахстан от 15 марта 2020 года №285, по поручению Верховного Суда Республики Казахстан приняты следующие меры:

1. Рассмотрение судебных дел, по которым процессуальные сроки не наступили, отлагаются на более поздние сроки;

2. Приостановлен прием граждан в Верховном Суде, областных, районных и приравненных к ним судах до завершения чрезвычайного положения.

В целях снижения бумажного документооборота, рекомендуем населению:

- направлять исковые заявления, обращения через судебный кабинет;

- все судебные процессы проводить посредством Online, дистанционно с применением IT-технологий (ВКС, в т.ч. мобильного приложения «TrueConf», «Zoom», «Skype», «WhatsApp» и др).

Указанные меры вызваны введением чрезвычайного положения и направлены на минимизацию угрозы жизни и здоровью наших граждан.

Такие подходы применяются во многих странах мира.

Оставайтесь дома, время мириться, а не судиться.

Просим отнестись к этой ситуации с пониманием.

**По всем имеющимся вопросам Вы можете обратиться по телефону:**

**+7(71039)5-40-62.**

Пресс-служба

Приозерского городского суда

### Х А Б А Р Л А Н Д Ы Р У

«Приозерск қаласының «Айналайын» бөбекжайы» КМҚК «Приозерск қаласының «Айналайын» бөбекжайы» КМҚК ғимаратының күрделі жөндеуі. Қарағанды облысы Приозерск қаласы, Гвардейская көшесі, 10/2» жұмыс жобасының қоршаған ортаға әсерін бағалау нәтижелері экологиялық сараптамаға жіберілуі туралы хабарлайды. Нәтижелермен танысып шығу, өз ұсыныстары мен ескертулерін енгізу келесі бағыттар арқылы мүмкін: Приозерск қаласы, Гвардейская көшесі, 10/2. Тел. +7(71039) 52-991.

### О Б Ъ Я В Л Е Н И Е

КГКП «Ясли-сад «Айналайын» города Приозерск» уведомляет заинтересованные лица, что результаты оценки воздействия на окружающую среду к рабочему проекту «Капитальный ремонт здания КГКП «Ясли-сад «Айналайын» города Приозерск» Карагандинская область, г.Приозерск, ул.Гвардейская, 10/2» передаются на экологическую экспертизу. Ознакомиться с результатами, внести свои предложения и замечания можно по следующим координатам: г. Приозерск, ул. Гвардейская, 10/2. Тел. +7(71039) 52-991.



ТҮРҒЫНДАРДЫҢ НАЗАРЫНА

К СВЕДЕНИЮ НАСЕЛЕНИЯ

**ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫ ӘКІМІ Қ.А. КАМЗИННИҢ  
2020 ЖЫЛДЫҢ 7 АҚПАҢДАҒЫ ХАЛЫҚ АЛДЫНДАҒЫ ЕСЕПТІ КЕЗДЕСУ  
БАРЫСЫНДА АЙТЫЛҒАН ХАЛЫҚТЫҢ ҰСЫНЫСТАРЫ МЕН ЕСКЕРТУЛЕРІН ІСКЕ  
АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ІС-ШАРАЛАРДЫҢ ОРЫНДАЛУЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ  
2020 жылғы I сәуір жағдайы бойынша**

№	Айтылған ескертулер/ұсыныстар	Ескертулерді/ұсыныстарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар мен орындалу мерзімі	Жауапты	Ескерту
1	2	3	4	5
1	Аманов Нурбай Абибуллаевич, Космонавтов к., 9/1 үй, 114 пәтер Космонавтов көшесіндегі №11 апартамент бөлшектелгеннен кейін қалған кішігірім құрылыс қалдықтарын алып тастауыңызды сұраймыз?	Наурыз - сәуір 2020 ж. 1. Көктемде қажетті техника көмегімен сынған бетон плиталарын, блоктар мен құрылыс қоқыстарын тазарту және шығару бойынша жұмыстарды ұйымдастырсын. 2. Өтініш іесіне жазбаша түрде жауап әзірлесін.	Приозерск қаласы әкімінің орынбасары Д.Ш. Саденов, «ТҮКШ, ЖК, АЖ және ТҮ бөлімі» ММ басшысы Т.А. Айдарханов, «КТҮҚҚБ» КМК директорының м.а. С.В. Курец	Ағымдағы жылдың 01 наурызы мен 03 наурыз аралығында "тұрғын үй-коммуналдық реформалау басқармасы" КМК күшімен және қосымша арнайы техниканы тарту арқылы Космонавтар көшесіндегі № 9/1 үйдің артындағы учаскені қалшына келтіріп, құрылыс қоқыстарының қалдықтарын шығару бойынша жұмыстар жүргізілді. <b>Орындалды</b>
2	Аманов Нурбай Абибуллаевич, Космонавтов к., 9/1 үй, 114 пәтер Др. Народов көшесінің аумағында қанғыбас иттер жүреді? Бұл иттер ауру таратады. Ветеринария қызметкерлеріне оларды жоюға тапсырма берсеңіздер?	Ақпан – наурыз 2020 ж. 1. Космонавтов, Дружба народов, Кисунько, Абай көшелері маңында қанғыбас иттер мен мысықтарды аулау жұмыстары ұйымдастырылсын. 2. Өтініш іесіне жазбаша түрде жауап әзірлесін.	Приозерск қаласы әкімінің орынбасары Д.Ш. Саденов, "Ветеринария бөлімі" ММ басшысы Ж.Н. Қасымбаева, «Ветстанция» КМК директоры Т.К. Казбеков	А.ж. 9-22 ақпан күндері, Дружба Народов көшесі бойынан барлығы 36 бас, оның ішінде 29 бас ит және 7 мысық жойылды. Иесіз иттерді жою жұмыстары ары қарай жалғасуда. <b>Бакылауда</b>
3	Навшарманова Жадыра Сахиевна, Космонавтов к., 9/2 үй, 33 пәтер. Өндіріс цехатырында электр қуатының тоқтатылуы туралы? «Жезказған ЭнергоСбыт» ЖШС өкілдерінен шартты бұзу туралы актіні ала алмай жүрмін.	Ақпан 2020 ж. 1. Ағыбай батыр 14 мекен-жайы бойынша объектіні іске қосу үшін ТП-дағы қосылу нүктесін тексеру жүргізіліп, актілер жасалынсын және «ЖЭСбыт» ЖШС, «Казэнергоцентр» ЖШС, ЮРЭС АЭС АҚ «ЖРЭК» қызметкерлері электр энергиясын есептеу құрылғысының көрсеткіштерін алсын. 2. Өтініш іесіне жазбаша түрде жауап әзірлесін.	Приозерск қаласы әкімінің орынбасары Д.Ш. Саденов, «ТҮКШ, ЖК, АЖ және ТҮ бөлімі» ММ басшысы Т.А. Айдарханов, ЖШС «Казэнергоцентр» өкілі И.Г. Шарашорина (келісім бойынша), ЖШС «ЖЭСбыт» өкілі Е.В. Колесникова (келісім бойынша), Е.В. Потапова (келісім бойынша)	31.01.2020 ж. шығ. №14-239 «Жезказған таратушы электр торабы компаниясы» акционерлік қоғамының бас директоры Т.И. Утегеновтың хатына сәйкес, Приозерск қаласы бойынша бірқатар жеке кәсіпкерлерді электр тоғынан ажыратылған болатын. Ажыратылу себебі, «Жезказған Энергосбыт» ЖШС электр энергиясын өндіруші «КЕГОС» АҚ алдындағы берешегінің өсіуіне байланысты осындай әрекетке барған. Бүгінгі күнде, үш жақты яғни, электр энергиясын алушы және ұсынушы тараптармен жасалған акті негізінде, Сіздің нысаныңыз «Казэнергоцентр» ЖШС-не өтуіне байланысты электр энергиясына толық қосылды. <b>Орындалды</b>
4	Навшарманова Жадыра Сахиевна, Космонавтов к., 9/2 үй, 33 пәтер. «Айгүл», «Family», «Сымбат» сауда үйлерінің қоқыс контейнерлеріне қатты жел соққанда менің шеберханамның ауласына жеңіл қоқыстар ұшып келеді. Шара қолдануыңызды сұраймын.	Наурыз – сәуір 2020 ж. 1. «Қалқан-2009» ЖШС-мен және сауда үйлерінің иелерімен бірге, қоқыс контейнерлерін басқа жерге көшіру немесе ҚТҚ жинау үшін толық контейнерлік алаң орнатып және контейнерлерге қақпақтарды қоюды қарастырсын. 2. Көктемде арнайы техника көмегімен осы алаңды тегістеу жұмыстарды жүргізісін. 3. Өтініш іесіне жазбаша түрде жауап әзірлесін.	Приозерск қаласы әкімінің орынбасары Д.Ш. Саденов, «ТҮКШ, ЖК, АЖ және ТҮ бөлімі» ММ басшысы Т.А. Айдарханов, «КТҮҚҚБ» КМК директорының м.а. С.В. Курец ЖШС «Қалқан-2009» директоры М.А. Қосақ (келісім бойынша) Сауда үйінің басшылары (келісім бойынша)	Приозерск қаласының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар келігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімімен бірлесіп, жеке кәсіпкерлер М. Нарымбетов, И. Яремчук және А. Нуржанова қоқыс жинайтын контейнерлер орналасқан жерді темір тормен қоршау туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді. <b>Бакылауда</b>
5	Навшарманова Жадыра Сахиевна, Космонавтов к., 9/2 үй, 33 пәтер. Қызметкер жұмыспен қамту орталығы арқылы СРМ-ге қапан жіберіледі?	Ақпан 2020 ж. 1. Навшарманова ЖК сұранысымен жұмыспен қамту орталығынан «СРМ» категориясы бойынша жалақыны субсидиялай отырып, жұмыскер жолдансын. 2. Өтініш іесіне жазбаша түрде жауап әзірлесін.	Приозерск қаласы әкімінің орынбасары Б.А. Казиева, "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" ММ басшысы С.Ж. Бейскеев	Ж. Навшарманованың халықты жұмыспен қамту орталығына 14.02.2020 ж. білдірген, әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру үшін жұмыс беруші ретінде өтініші қабылданды. Жұмыс берушіге әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру мен қаржыландырылуы бойынша барлық қажетті мәліметтер мен кеңестер ұсынылды. Ж. Навшарманованың өтініші бойынша талап етілген әлеуметтік жұмыс орынына, жұмыссыздармен жұмыс іздеушілер жолдама алуға келіскен жағдайда, ағымдағы жылдың сәуір айынан бастап, әлеуметтік жұмыс берушімен жасалынатын келісім шарт негізінде жұмыстар атқарылатын болады. <b>Бакылауда</b>
6	«Атамекен» ҰКП Приозерск қ. филиалының төрағасы Кобенев Озькен Шипанбаевич, Балқаш к., 12/1 үй, 13 пәтер 2018-2019 ж. жолға жол белгілері мен жолақтар жасалынды. Тауарлар әкелінген кезде көліктер кіре алмайды. Көптеген жерлерде үздіксіз жолақтар бар. Мен құдық қорғау органдарына жүгіндім, ешкім бұған назар аудармайды ма? Мен бұған назар аударғаныңызды сұраймын?	Наурыз 2020 ж. 1. «Атамекен» қалалық кәсіпкерлер палатасының өкілін комиссияға қоссын. ПБ ЖПҚ және ТҮКШ бөлімінің қызметкерлерімен бірлесіп отырып, проблемалық учаскелерді комиссиялық тексеру және қажет болған жағдайда белгілерді қайта орнатып, тиісті жол таңбасын салсын. 2. Өтініш іесіне жазбаша түрде жауап әзірлесін.	Приозерск қаласы әкімінің орынбасары Д.Ш. Саденов, «ТҮКШ, ЖК, АЖ және ТҮ бөлімі» ММ басшысы Т.А. Айдарханов, Приозерск қаласының ПБ бастығы подполковник Б.А. Рыспеков (келісім бойынша), Приозерск қаласының ПБ ЖПҚ бастығы подполковник К.А. Байкешев (келісім бойынша), «Атамекен» ҰКП Приозерск қ. филиалының директоры Ф.А. Сабиров (келісім бойынша)	Қала бойынша жол белгілерін орнату жұмыстарын атқару, COVID-19 коронавирусына қарсы жарияланған төтенше жағдай аяқталғаннан кейін жоспарланып отыр. Жол белгілерін орнату бойынша комиссия құрамына «Атамекен» қалалық кәсіпкерлер палатасының өкілі Григорьева И. енгізілген <b>Бакылауда</b>



## ТҮРҒЫНДАРДЫҢ НАЗАРЫНА

## К СВЕДЕНИЮ НАСЕЛЕНИЯ

**ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫ ӘКІМІ Қ.А. КАМЗИННИҢ 2020 ЖЫЛДЫҢ 7 АҚПАНДАҒЫ ХАЛЫҚ  
АЛДЫНДАҒЫ ЕСЕПТІ КЕЗДЕСУ БАРЫСЫНДА АЙТЫЛҒАН ХАЛЫҚТЫҢ ҰСЫНЫСТАРЫ МЕН  
ЕСКЕРТУЛЕРІН ІСКЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ІС-ШАРАЛАРДЫҢ ОРЫНДАЛУЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ  
2020 жылғы I сәуір жағдайы бойынша**

(Жалғасы. Басы 3 бет.)

7	<p><b>Зайцев Виктор Владимирович, Кисунько к., 15/2 үй, 31 пәтер</b> Көше жарығы түнгі 00.00-де сөнбеді, қысқы уақытта 1 кезекшілікте оқитын балалар сағат 8.00-де болатын сабаққа 7.20 шығып қаранғы уақытта жүреді.</p>	<p><b>Ақпан 2020 ж.</b> 1. Қысқы уақытта көше жарығын таңғы сағат 6.45-тен 07.15-ке дейін қосу қамтамасыз етілсін. 2. Өтініш иесіне жазбаша түрде жауап әзірлесін.</p>	<p><b>Приозерск қаласы әкімінің орынбасары</b> Д.Ш. Саменов, «ТҮКШ, ЖК, АЖ және ТҮ бөлімі» ММ басшысы Т.А. Айдарханов</p>	<p>10.02.2020 ж. "Алтын Орда 188" ЖШС мердігерлік ұйымының күшімен таңғы сағат 06:45-тен 07:15-ке дейін көше жарығын қосу үшін таймерлерді қайта орнату бойынша жұмыстар жүргізілді. <b>Орындалды.</b></p>
8	<p><b>Қала тұрғыны</b> Сізге сұрағым, қашан РФ ҚМ 03080 а/б пәтерлері Қазақстанға беріледі? Мен көпбалалы анамын, жылыды рубльмен төлеймін. Жәрдем ақы жетпейді, бағамы өте үлкен. Қалада адамдар пәтерлерін жалдан шығарып жергілікті атқарушы органның балансына беріп жатын. Біз сияқты аналарға көмек беріңізші. Үй суық, Космонавтов көшесі, 5 үй, 1 қабатта тұрамыз. <i>(Жәшікке түскен сұрақ)</i></p>	<p><b>Маусым 2019 ж.</b> 1. Пәтерді РФ ҚМ 03080 а/б жалға беруден шығарып, ЖАО балансына алу туралы, РФ ҚМ 03080 а/б командирінің атына хат дайындасын. 2. Өтініш иесіне жазбаша түрде жауап әзірлесін.</p>	<p><b>Приозерск қаласы әкімінің орынбасары</b> Д.Ш. Саменов, «ТҮКШ, ЖК, АЖ және ТҮ бөлімі» ММ басшысы Т.А. Айдарханов</p>	<p>Сұрақ туралы пәтерлерде жалға алған әскери бөлімімен РФ ҚМ 03080 бойынша, Космонавтар к-сі, 5, қаралады және шешім қабылданады үкіметаралық комиссия отырысында. ҚР ҚМ 03080 а/б жалға алынған пәтер жергілікті атқарушы органның теңгеріміне берілгенге дейін Ресей рублімен жылыту үшін төлеу қажет. Қазіргі уақытта қолдауат жолданды атына а/б командирінің РФ ҚМ 03080 қарау бойынша мәселені шығару жалға пәтер тұратын граждене ҚР. <b>Сұрақ бақылауда</b></p>
9	<p><b>Байырғы Приозерск қаласының, көп жылдан бері осы қалада әлі күнге дейін өмір сүретін тұрғындарының атынан, сондай-ақ қаланың көптеген қонақтары мен туристерінен, тұрған қаласын ұмытпай келіп тұратын бұрынғы тұрғындарынан.</b> Қала орталығындағы кіші алаңдағы ғимараттарды, атап айтқанда қонақ үйі "Россия" ғимаратын және бұрынғы почта (кейінгі кафе) ғимаратын қашан ретке келтіреді? Бұл ғимараттардың жеке меншікте екені түсінікті, бірақ қала әкімшілігінің жағдайды түзетуге және оған ықпал етуге заңды өкілеттігі бар. <i>(жәшік арқылы түскен сұрақ)</i></p>	<p><b>Наурыз – сәуір 2020 ж.</b> 1. Жөндеу жұмыстары бойынша ғимараттардың иелерімен тиісті жұмыстар жүргізілсін. 2. Өтініш иесіне жазбаша түрде жауап әзірлесін.</p>	<p><b>Приозерск қаласы әкімінің орынбасары</b> Д.Ш. Саменов, «Кәсіпкерлік және ауыл шаруашылық бөлімі» ММ басшысы А.Ж. Жүсіпов</p>	<p>Жеке кәсіпкер А.Н. Верещагиннің жауабына сәйкес фасадты жөндеу ағымдағы жылдың мамыр айында басталады. Кисунько көшесі, 2 А (2 қабатты ғимарат) ғимаратты жөндеу бойынша жеке кәсіпкер Г. Сацерадзеге бірнеше рет хат жолданып, ауызша келіссөздер жүргізілді. Қазіргі уақытта материал әкімшілік шараларын қолдану үшін ПБ-не жіберілді. <b>Бақылауда</b></p>
